

№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым: «Еркемай» балабақшасы

Өткізілген күні: 28.11.2025 жыл

Қатысқан педагогтардың саны: 10 педагог

Тақырыбы: «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»

Мақсаты: МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану арқылы тәрбие-білім беру жұмысының сапасын арттыру».

Күн тәртібі:

1. № 1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: Жаңа технологиялардың баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі.
3. «Педагог жәрмеңкесі»
4. Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау.
5. Педагогикалық кеңес шешімі.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Едильбаева Ботагоз Аманжоловна педагогтерді күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

1-МӘСЕЛЕ

№1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна есеп берді. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы баяндама жасалды. Есепте тәрбие мен оқу процесі нормативті – құқықтық құжаттарға сай жүргізіліп жатқаны, оқу жылына алынған міндеттер орындалып, күн тәртібі сақталынып, тәрбиешілердің жұмыс нәтижелері, ата-аналармен байланыс сапасы туралы атап өтілді.

Сөйледі: Қатысушылар есепті талқылап, орындалған жұмыстарға оң баға берді.

2-МӘСЕЛЕ

Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: Жаңа технологиялардың баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі.

Тыңдалды: әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна ересек топта жүргізілген кешенді бақылау қорытындысы бойынша есеп берді.

Баөбекжайда жаңа технологияларды енгізу – балалардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дамуын жеделдететін тиімді инновациялық тәсіл ретінде дәлелденді. Тақырыптық бақылау нәтижелері бұл әдістердің білім беру сапасын арттыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Тақырыптық бақылау нәтижелерінің негізгі бағыттары:

1. Танымдық қабілеттердің дамуы
 - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) – интерактивті тақта, мультимедиялық бағдарламалар, бейнероликтер арқылы балалардың зейіні, есте сақтау қабілеті мен логикалық ойлауы дамыды.
 - Көрнекілік пен визуализация – ақпаратты жеңіл әрі қызығушылықпен қабылдауға мүмкіндік берді.
2. Шығармашылық және сөйлеу дағдылары

- Ойын технологиялары – балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін дамытып, белсенділігін арттырды.

- Жобалық әдіс – балаларды өз бетімен ізденуге, ақпаратты талдауға және қорытынды жасауға үйретті.

3. Әлеуметтік және коммуникативтік даму

- Топтық жұмыс пен интерактивті әдістер – балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтып, ұжымда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырды⁽²⁾.

-Ата-аналармен бірлескен жобалар – тәрбие процесіне ата-аналарды тарту арқылы тәрбиенің тиімділігі артты.

4. Білім сапасының артуы

- Жаңа технологияларды қолданған топтарда балалардың белсенділігі 15–20%-ға артты .

- Тәрбиеленушілерде қызығушылық пен мотивация жоғары деңгейде байқалды.

Қорытынды

Жаңа технологияларды бөбекжайда қолдану – баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін заманауи, тиімді және қажетті әдіс. Бұл тәсілдер арқылы балалардың оқу процесіне деген қызығушылығы артып, дағдыларды меңгеруі жоғарылайды. Сонымен қатар, тәрбиешілердің кәсіби шеберлігі артып, оқу-тәрбие жұмысы жаңаша сипат алады.

3-МӘСЕЛЕ

3. «Педагог жәрмеңкесі»

Барлық тәрбиешілер мен педагогтар ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізу бойынша өз педагогикалық жәрмеңкелерімен (шебер-сыныптармен) бөлісті, фото салынды.

4-МӘСЕЛЕ

4.Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау.

Жол –көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыстарды ересек тобының балаларына арналған жоспар құру және оның орындалу уақытын белгілеу.

Мақсаты:

Балалардың жолда жүру мәдениетін қалыптастыру, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту.

1. Ұйымдастыру жұмыстары

- Жауапты тұлғаларды бекіту топ тәрбиешілері.

- Жылдық жоспар құру және ата-аналармен келісу.

- Қауіпсіздік бұрышы мен көрнекі құралдарды дайындау (жол белгілері, бағдаршам макеті, стендтер).

2. Балалармен жүргізілетін жұмыстар

- Тақырыптық іс-шаралар: «Бағдаршам – менің досым», «Жолда жүру ережесін білесің бе?», «Көліктер қайда жүреді?» ортаңғы «Еркемай» тобы

- Сюжеттік-рөлдік ойындар: «Жол полициясы», «Жолаушы мен жүргізуші».

- Серуен кезінде тәжірибелік жаттығулар: Жолдан дұрыс өту, бағдаршамға назар аудару.

- Мультфильмдер мен бейнероликтер көрсету: «Қошақан мен бағдаршам», «Жол ережесін үйренеміз».

- Сурет салу және колөнер: «Қауіпсіз көше», «Менің қауіпсіз жолым».

3. Ата-аналармен жұмыс

- Ата-аналар жиналысы: «Баланың жолдағы қауіпсіздігі – ата-ананың жауапкершілігі».

- Жадынама тарату: «Жолда жүру ережелері», «Жол-көлік жарақатының алдын алу».

- Бірлескен шаралар: «Әке, ана және мен – жолда жүру шеберлері» сайысы.

4. Мекемеішілік бақылау және талдау

- Ай сайынғы бақылау: Балалардың жол ережелерін меңгеру деңгейін бағалау.

- Тәрбиешілердің өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысуы: Тәжірибе алмасу.

- Жыл соңында қорытынды талдау: Жоспардың орындалуын бағалау, ұсыныстар енгізу.

5. Қорытынды іс-шара

- «Жол қауіпсіздігі апталығы»: Ашық есік күндері, көрме, викторина, серуен кезіндегі жаттығулар.

Соңғы 5-ші педагогикалық кеңесте қорытындыланып, аяқтау.

- Марапаттау: Белсенді қатысқан балалар мен ата-аналарға алғыс хаттар мен сыйлықтар табыстау.

5 МӘСЕЛЕ

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Әр ұйымдастырылған іс-әрекетте жаңа технологиялар қолданылсын.

2. «Педагогикалық жәрмеңке» үнемі жаңартылып тұрсын.

3. Балалар қауіпсіздігі басты назарда ұсталынсын.

№1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы есеп

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері! 2025–2026 оқу жылының басында өткізілген №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау жүргізілді. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде қабылданған шешімдердің басым бөлігі толық көлемде орындалғаны анықталды.

1. Нормативтік құжаттар мен жоспарлау жұмыстары бойынша

Барлық педагогтер нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарын басшылыққа алып жұмыс жүргізді. Перспективалық жоспарлар, циклограммалар және мамандардың жоспарлары уақытылы әзірленіп, келісіліп отырды. «Bilim Kids» платформасының материалдары тәрбиешілер тарапынан қосымша әдістемелік құрал ретінде тиімді пайдаланылды. Пән мұғалімдерінің перспективалық жоспарлары жеке жүргізіліп, циклограммаларда белгіленген талаптар сақталды.

2. Педагогикалық кеңестің жұмысы бойынша

Педагогикалық кеңестің бекітілген құрамы оқу жылы барысында жоспарлы жұмыстар атқарды. Педагогикалық кеңес отырыстары уақытылы өткізіліп, қабылданған шешімдердің орындалуы бақылауға алынып отырды. Кеңес хатшысы Жаманова Нурия Ажбаевна хаттамаларды талапқа сай жүргізді.

3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы бойынша

Жазғы сауықтыру кезеңінде жоспарланған барлық іс-шаралар толық орындалды. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында таңғы гимнастика, шынықтыру шаралары, қимылды ойындар, спорттық жарыстар, танымдық және шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылды. Тәрбиешілер балалардың қауіпсіздігін сақтауға ерекше көңіл бөліп, ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізді. Жазғы кезеңде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру қамтамасыз етілді.

4. 2025 - 2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттын талаптарын басшылыққа алып жұмыс жүргізіліп жатыр.

5. Жылдық жоспар мен міндеттердің орындалуы бойынша

Бөбекжайдың 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары негізінде барлық жұмыстар жүйелі жүргізілді.

Жылдық міндеттерге сәйкес:

- заманауи педагогикалық технологияларды қолдану;
- функционалдық сауаттылықты дамыту;
- тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыру;
- ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылды.

Педагогтер жоспарланған іс-шараларға белсенді қатысты.

6. Күн тәртібі мен ҮІӘ кестесінің орындалуы бойынша

Бекітілген күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі беркітілді. Жаңа оқу жылы бойы сақталады. Тәрбиешілер мен мамандар оқу қызметін бекітілген кестеге сәйкес жүргізіп отырады. Бақылау нәтижесінде кестенің орындалуында айтарлықтай ауытқулар анықталған жоқ.

7. Топтағы балалар тізімдері бекітілді.

8. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы бойынша

Балабақша бойынша жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары толық жүргізілді. Топ бөлмелері санитарлық талаптарға сәйкес жабдықталып, пәндік-дамытушы орта

жаңартылды. Оқу қызметіне қажетті көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар толықтырылды. Жедел бақылау нәтижесі бойынша топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деңгейде деп танылды.

Қорытынды: Жүргізілген бақылау нәтижесінде №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің толық орындалғаны анықталды. Қабылданған шешімдер бөбекжайдың оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге және балалардың жан-жақты дамуына оң ықпал етті.

Орындалу деңгейі: **толық орындалды.**

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна

Тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша анықтама

Тақырыбы: Жаңа технологияларды баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі

Мақсаты: Педагогтердің инновациялық технологияларды қолдану деңгейін және олардың балалардың дамуындағы тиімділігін анықтау.

Бақылау мерзімі: 3-14 қараша 2025 жыл

Бақылауды жүргізген: меңгеруші Амирова Г.Х.

Бөбекжайда жаңа технологияларды енгізу – балалардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дамуын жеделдететін тиімді инновациялық тәсіл ретінде дәлелденді. Тақырыптық бақылау нәтижелері бұл әдістердің білім беру сапасын арттыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекетте және күннің екінші жартысында инновациялық технологияларды қолдануы зерделенді. Зерделеу нәтижесінде педагогтердің көпшілігі ойын технологияларын, денсаулық сақтау технологияларын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, зерттеу және жобалау әдістерін тиімді қолданатыны анықталды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) – интерактивті тақта, мультимедиялық бағдарламалар, бейнероликтер арқылы балалардың зейіні, есте сақтау қабілеті мен логикалық ойлауы дамыды.

- Көрнекілік пен визуализация – ақпаратты жеңіл әрі қызығушылықпен қабылдауға мүмкіндік берді.

- Ойын технологиялары – балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін дамытып, белсенділігін арттырды.

- Жобалық әдіс – балаларды өз бетімен ізденуге, ақпаратты талдауға және қорытынды жасауға үйретті.

- Ата-аналармен бірлескен жобалар – тәрбие процесіне ата-аналарды тарту арқылы тәрбиенің тиімділігі артты.

- Жаңа технологияларды қолданған топтарда балалардың белсенділігі 15–20%-ға артты.

- Балаларда қызығушылық пен мотивация жоғары деңгейде байқалды.

Балалардың танымдық белсенділігі артып, өздігінен шешім қабылдау, шығармашылық ойлау, қарым-қатынас жасау дағдыларының дамуына оң әсер еткені байқалды.

Сонымен қатар кейбір педагогтерге цифрлық ресурстарды қолдану және инновациялық әдістерді жүйелі енгізу бойынша әдістемелік қолдау қажет екендігі анықталды.

Қорытынды: Жаңа технологияларды енгізу жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде жүргізілуде және балалардың жан-жақты дамуына оң ықпал етеді.

Ұсыныстар: Инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесін тарату.

Өзара тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру.

АКТ құралдарын пайдалану бойынша практикалық көмек көрсету.

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна

«Педагог жәрмеңкесі»

Тақырыбы: «Педагог жәрмеңкесі»

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби тәжірибесін тарату, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өткізу барысында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісу, педагогикалық шеберлікті арттыру.

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес «Педагог жәрмеңкесі» ұйымдастырылды. Іс-шара барысында барлық тәрбиешілер мен педагогтар өздерінің ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өткізу тәжірибелерімен бөлісті. «Еркемай» ортаңғы тобының тәрбиешісі «Түстер әлемі», «Мамандықтар», Су-тіршілік көзі» , «Мен және қоршаған орта» тақырыптарындағы ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде қолданған заманауи педагогикалық технологияларды, ойын әдістерін, дамытушы тапсырмаларды, көрнекіліктер мен дидактикалық материалдарды таныстырды. Әр педагог өз тәжірибесіндегі тиімді жұмыс түрлерін ұсынып, балалардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған әдістерді көрсетті. Жәрмеңке барысында өткізілген ашық іс-әрекеттерінен фотоматериалдар ұсынылып, педагогтердің шығармашылық жұмыстары көрмеге қойылды. Қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, кәсіби пікірлерімен бөлісті. Қорытындылай келе, «Педагог жәрмеңкесі» педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, тәжірибе алмасуға және оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға оң ықпал етті. Ұсынылған тәжірибелерді педагогтердің жұмысында қолдану ұсынылды.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

Жол-көлік жарақаттарының алдын алу жоспарын қарастыру бойынша анықтама

Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында мектепке дейінгі ұйымда жол-көлік жарақаттарының алдын алу жұмыстары зерделенді.

1. Жылдық жоспар құрып және келісті.

Қауіпсіздік бұрышы мен көрнекі құралдарды дайындады (жол белгілері, бағдаршам макеті, стендтер).

2. Балалармен мынадай жұмыстар жүргізілді:

- Тақырыптық іс-шаралар: «Жол ережесін сақта!» «Ботақан» ересек тобы, «Бағдаршам – менің досым», «Жолда жүру ережесін білесің бе?», «Көліктер қайда жүреді?» ортаңғы «Құлыншақ» тобы

- Сюжеттік-рөлдік ойындар: «Жол полициясы», «Жолаушы мен жүргізуші» балалармен ойналды.

- Серуен кезінде тәжірибелік жаттығулар: жолдан дұрыс өту, бағдаршамға назар аударту түрлі ойын-жаттығулар ойнатылды.

- Мультфильмдер мен бейнероликтер көрді, мысалы, «Қошақан мен бағдаршам», «Жол ережесін үйренеміз».

- «Қауіпсіз көше», «Менің қауіпсіз жолым» тақырыбында сурет салды.

3. Ата-аналармен жұмыс

- «Баланың жолдағы қауіпсіздігі – ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. «Жолда жүру ережелері», «Жол-көлік жарақатының алдын алу» жадынамалары таратылды. «Әке, ана және мен – жолда жүру шеберлері» сайысы өткізілді.

Ай сайын мекемеішілік бақылау жүргізіліп, балалардың жол ережелерін меңгеру деңгейі бағаланды.

Тәрбиешілер өзара ұйымдастырылған іс әрекеттерге қатысып, тәжірибе алмасты.

Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспары нормативтік талаптарға сәйкес әзірленген .

Әдіскер Едильбаева Б.А.